

СЕМЕЙ Қ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ.

**ФАКУЛЬТЕТ: «Медициналық-профилактикалық іс
Тағамтану және гигиеналық пәндер кафедрасы**

ДӘРІС

**ТАҚЫРЫБЫ: «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы
пәні, мақсаты, міндеті, зерттеу әдістері. Балалар мен
жасөспірімдер гигиенасының негізгі мәселелері. ҚР-да
балалар мен жасөспірімдер гигиенасындағы
гигиеналық нормалардың теориялық қағидаттары»**

КУРС: төртінші

Құрастырушы: м.ғ.к., доцент Ш.М.Токешева

2015ж.

ДӘРІС ЖОСПАРЫ


- **Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы пәні, мақсаты, міндеті, негізгі мәселелері.**
- **Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының даму тарихи.**
- **Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының зерттеу әдістері.**
- **Балалар мен жасөспірімдер гигиенасындағы гигиеналық нормалардың теориялық қағидаттары.**

1.Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы пәні және міндеттері

■ Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің құрамына кіреді және гигиена ғылымының өз алдына жеке бөлім болып табылады.

■ «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы ғылыми пән және денсаулық сақтау жүйесінің тәжірибелік саласы ретінде өсіп келе жатқан ұрпақтардың денсаулығын нығайтуға бағытталған профилактикалық шараларды негіздеп және оны жүзеге асыруға арналған» (Сухарев А.Г.,1986ж.).

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының міндеті өсіп келе жатқан организмнің қалыпты дамуына жағдай жасау болып табылады.



Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы — балалардың іс-әрекетін және оларды қоршаған орта жағдайын, сонымен қатар осы жағдайлардың өсіп келе жатқан ағзаның функционалды күйіне әсерін зерттейтін профилактикалық медицина саласы.

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы

- өсіп келе жатқан ағзаға қоршаған ортаның әртүрлі факторларының әсерін зерттейді
- өсіп келе жатқан ағзаға олардың әсерін болжайды, бағалайды және талдайды
- гигиеналық нормативтерді, санитарлы-гигиеналық және санитарлы-эпидемияға қарсы нормалар мен ережелерді өндіреді
- емдік-профилактикалық және сауықтыру шараларын негіздейді
- **жастық гигиена** болып табылады және халықтың өте жас бөлігінің денсаулығын қорғауды жүзеге асырады

**БАЛАЛАР
МЕН
ЖАСӨСПІР
МДЕР
ГИГИЕНАС
Ы**

**КОММУНАЛДЫ
ГИГИЕНА**

**ТАҒАМ
ГИГИЕНАСЫ**

**ЕҢБЕК
ГИГИЕНАСЫ**

**ЭПИДЕМИОЛОГ
ИЯ**

**ӘЛЕУМЕТТІК
ГИГИЕНА**

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы **саласындағы негізгі зерттеу проблемалары**

- **балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы;**
- **оқу-тәрбие процесінің және күн тәртібінің гигиенасы;**
- **физикалық тәрбие гигиенасы;**
- **жасөспірімдерді еңбекке және кәсіптік оқыту гигиенасы;**
- **балалар мен жасөспірімдердің тамақтану гигиенасы;**
- **балалар және жасөспірімдер мекемелерінің қондырғыларын құрылысын, жобалануын гигиеналық негіздеу;**
- **гигиеналық оқыту және тәрбие. Балалар мен жасөспірімдерде СӨС құру негіздері;**
- **балалар мен жасөспірімдерді медициналық және санитарлы-эпидемиологиялық қамтамасыз ету.**

2. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының даму тарихи.

- Бұрын қоғамдық тәрбие берудің жалғыз түрі мектеп болғандықтан, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, мектеп гигиенасы болып аталған.**
- Мектеп гигиенасы, медицинаның салыстырмалы түрде жас саласы болып есептеледі, бірақ оның қайнар көзі өте алыстан басталады. Мысалы, алғашқы қауымдық құрылыстың өзінде балалар мен жасөспірімдердің ұйымдастырылған қимыл-қозғалыс ойындары енгізілген. Ежелгі Грецияда жастардың дене шынықтыру тәрбиесі мемлекеттік сипатта болды.**
- Педагогика мен гигиеналық тәрбиелердің элементтері XI ғасырдағы “Владимир Мономахтың балаларға үйретулерінде» және XV-XVI ғасырлардағы «Домостройда» көрсетілген.**

- **Ежелгі адамдардың тәжірибелерін жинақтап, зерттей келіп, өткен ғасырлардағы көптеген ғалымдар өздерінің балаларды оқытып, тәрбиелеу жөніндегі теорияларын ұсынды. XIII ғ. өзінде монастірлік мектептерде оқушыларды тамақтандыру ұйымдастырылды, I Петрдің нұсқауында "Балалар медицинасы" көрсетілген.**
- **Гигиенаның жекелеген жағдайлары әртүрлі континенттерде өте ерте кездердің өзінде белгілі болса да, өз алдында бөлек ғылыми пән болып дамығанына 150 жылдай ғана уақыт өтті деп есептелінеді.**
- **Ресейдің ең алғашқы гигиена кафедрасы 1871 жылы Петербург қаласындағы Әскери-медициналық академия базасында құрылды. Кафедраның ірге тасын қалаушы А.П. Доброславин (1842-1889жж) өзінің мектеп гигиенасы деген бөлімі бар ең алғашқы гигиена оқулығын шығарды (1889ж).**

- Екінші осындай кафедра мектеп гигиенасының негізін салушы болып есептелінетін Гульдрейх Фридрих Эрисманның (1842-1915жж) басқаруымен Мәскеу университетінде ұйымдастырылды.
- Эрисманның балалар денсаулығын сақтау жөніндегі ғылыми еңбектері әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Осы кісінің басқаруымен балалардың дене дамуының бағалау көрсеткіштері жасалып, олардың өсуінің заңдылықтары анықталды, мектептерді жабдықтап, жайластырудың гигиеналық талаптары негізделді. Ф.Ф.Эрисманның медицинада жақсы танылған "Алыстан көрмеушіліктің пайда болуына мектептің тигізетін әсері" деген еңбегі 1870 жылы жазылған.
- Ф.Ф.Эрисманның атымен "Эрисман индексі", "Эрисман партасы" және тағы басқа да көптеген түсініктер тікелей байланысты болып келеді.

■ Мектеп гигиенасының әрі қарай дамуына **Ф.Ф.Эрисманның** оқушысы **Григорий Витальевич Хлопин** (1863-1929жж) өз үлесін қосты. Ол мектеп оқушылары үшін санитарлық ережелер құрастырды, "Мектеп гигиенасы мен педагогика сұрақтары", "Орта білім беретін оқу орындарындағы оқушылар арасындағы мектептік аурулар" деген еңбектерін жазды.

■ Пәннің дамуына **Альфред Владиславович Мольков** (1879-1947жж) ерекше үлес қосты. Ол 1923 жылдан бастап әлеуметтік институтының директоры болып, халықтың денсаулығына, соның ішінде балаларға санитарлық жағдайлардың әсер етуіне ерекше көңіл бөлді. 1926 жылы Мәскеу Университетінің медицина факультетінің базасында ең алғашқы мектеп гигиенасы кафедрасын ұйымдастырды. Осы кезең пәннің өз алдына жеке қалыптасуының бастапқы кезеңі болып есептеледі. Кафедраны 20 жыл бойы басқара келіп, А.В.Мольков, студенттерді оқыту бағдарламасын дайындады, оқу ісі мен ғылыми жұмыстарды ұйымдастырды.

- **Көп жалдар бойы мектеп гигиенасы педиатриямен тығыз байланыста болды. Оның дамуына XIX ғасыр ортасындағы және XX ғасырдың бас кезеңіндегі белгілі педиатрлар белсенді үлес қосты. Педиатрлар тек науқас балаларды емдеумен ғана емес, сонымен қатар, балалар күтімі, тәрбиесі жөнінен кеңес беруге арналғандықтан профилактикалық медицина идеясы, жекелеп алғанда, балалар гигиенасының сұрақтары өзінің дамуын негізінен педиатрлардың жұмыстарынан бастайды.**
- **Мәскеу Университетінің балалар ауруларының бірінші клиникасының профессоры Н.А.Тольский мектеп оқушыларының гигиенасына ерекше көңіл бөлді. Бұл кісінің бірқатар жұмыстары оқу орындарының гигиенасының маңызына (1869) және сонымен қатар, мектептің, онда тәрбиеленушілердің денсаулығына тигізетін әсеріне (1891) арналған.**

- **Дені сау жас ұрпақтарды тәрбиелеудің гигиеналық маңызы жөнінде педиатр И.П.Гундобин (1860-1908) жазды. Оның қаламынан "Мектеп гигиенасы" (1902), "Балалық шақ гигиенасы" (1903), "Мектеп гигиенасының қазіргі замандағы міндеттері" (1907) деген еңбектері жазылып шықты. Кейінгі онжылдықтарда балалар мен жасөпірімдер гигиенасына еңбек сіңірген көрнекті мамандары С.М.Громбах, Г.Н. Сердюковская, В.Н.Кардашенко, А.Г.Сухарев және т.б. туралы айтпай кетуге болмайды.**
- **1953 жылы Денсаулық сақтау Министрлігінде мектеп гигиенасы сұрақтары бойынша Бүкілодақтық кеңес өткізіліп, мұнда «Мектеп гигиенасы» деген атты өзгертіп, ғылымның өзінің мазмұнына сәйкес атау туралы мәселе көтерілді. 1954 жылдан бастап ғылымның бұл саласы балалар мен жасөспірімдер гигиенасы деп аталды.**

- **Қазақстанда алғашқы санитарлық-гигиеналық факультет Алматы мемлекеттік медицина институтында 1943 жылы ашылған болатын. 1948 жылы мектеп гигиена кафедрасы өз алдына жеке кафедра болып құрылды. Оны ұйымдастырып, 1960 жылға дейін м.ғ.к. доц. В.А.Смирнов басқарды. Кейіннен, бұл факультет 1964 жылдан бастап Қарағанды мемлекеттік медицина институтына ауыстырылды.**
- **1989 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтында қайтадан санитарлық-гигиеналық факультет ашылып, алғашқы 100 студент қабылданды.**
- **Факультеттің қабылданған студенттерді санитария, гигиена, эпидемиология саласынан екі тілде оқытуға арналған кафедраларының бірі 1991 жылы ашылған коммуналды гигиена және балалар мен жасөспірімдер гигиенасы кафедрасы болды. Оның ұйымдастырушысы, әрі меңгерушісі ретінде Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, м.ғ.д. профессор Б.А.Неменко тағайындалды.**

3. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасында қолданылатын зерттеу әдістері

- физиологиялық тәсілдер. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасындағы барлық мәселелер физиологиялық зерттеулерсіз шешілмейді.
- Физиологиялық тәсілдер сыртқы ортаның әсерлеріне өсіп келе жатқан организмнің реакцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, физикалық жүктеменің әсерлерін зерттеу кезінде, қантамыр жүйесінің жағдайын сипаттайтын (тамыр соғуы, қан қысымы), бұлшық ет күші мен төзімділігін, газ алмасу мен энергия шығынын анықтау әдістері қолданылады. Немесе метеорологиялық жағдайлардың әсер етуін анықтау кезінде балалар организмнің жылу жағдайын зерттеу, соның ішінде терлеу және дене мен терінің температурасын өлшеу қолданылады.

физикалық-химиялық тәсілдеріне балалар мен жасөспірімдер мекемелерінде микроклимат, табиғи мен жасанды жарықтану, көмір қышқыл газдың және басқа да газдардың анықтауы жатады.

микробиологиялық тәсілдер балалар мен жасөспірімдер гигиенасы саласында балалар мекемелерінің ауа микрофлорасын, балалар қолдарының бактериялық ластануын, ойыншықтарда, оқулықтарда патогенді микроорганизмдердің бар болуын зертеуде қолданылады.

■ балалар мен жасөспірімдер гигиенасында клиникалық әдістер маңызды (елеулі) роль атқарады. Олар организмнің патологиялық немесе қалыпты жағдайы туралы түсінікті көрсетеді, организмнің жағдайының динамикалық өзгерістерін сипаттайды және де балалар ұжымының денсаулығын бағалағанда қолданылады

■ балалар мен жасөспірімдер гигиенасында психологиялық тәсілдер балалардың қажуын зертегенде қолданылады, корректуралық сынамалар олардың бірі болып табылады.

- **Балалар мен жасөспірімдер гигиенасында қолданылатын негізгі тәсіл табиғи гигиеналық эксперимент тәсілі болып табылады. Оған қосымша ретінде, әдетте лабораториялық эксперимент тәсілі қолданылады. Одан басқа, гигиеналық бақылау тәсілі кеңінен қолданылады.**
- **Зерттеу жүргізу кезінде мәліметтерді өңдеп, оған анализ жасау санитарлық-статистикалық тәсілді қоданбаса мүмкін емес. Осы тәсілдердің бәріне қосымша қазіргі кезде математикалық аппарат - математикалық болжау тәсілі қолданылады.**

4. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының нормаландыру принциптері.

- Гигиенаның міндеті - денсаулықты сақтап, нығайтуды қамтамасыз ету үшін сыртқы орта факторларының әсерін анықтап, оның организмге зиянсыз мөлшерін белгілеу, яғни нормаландыру. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының міндеті, гигиена ретінде, сыртқы ортаны нормаландыруға, яғни нормаларды белгілеу мен оларды жүзеге асыру.**
- Балалар мен жасөспірімдер гигиенасында нормаландыру – бұл организмге қолайлы немесе зиянсыз әсер ететін (ықпал жасау) факторлардың параметрлерін (немесе интенсивтілігін) ғылыми негізде анықтау.**

С.М.Громбах балалар мен жасөспірімдер гигиенасының нормаландыру принципін жасады. Оны төмендегідей көрсетуге болады:

- **Қоршаған ортаның факторларының әсер етуінің дұрыс мөлшерін (нормасын) қалыптастыруға міндетті түрдегі қажетті жағдай, өсіп келе жатқан организмнің осы факторлардың әсеріне функционалдық дайындығы (жетілгендігі) болып табылады.**
- **Осыған байланысты балалар мен жасөспірімдер гигиенасының нормалары тұрақты емес және әртүрлі жас кезеңдерінде өзгеріп отырады. Норманы алмастыру әртүрлі факторлар үшін бір мезгілде жасалмауы керек.**
- **Гигиеналық нормаландырудың міндеті тек денсаулықты сақтап, нығайтуға ғана емес, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің дұрыс өсіп, дамуына да жағдай жасау болып табылады.**

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасына нормаландырудың келесі принциптер тән:

- **нормалардың ерекшелігі.** Өсіп келе жатқан организмнің сыртқы ортаның факторларына ерекше сезімталдығы болатындықтан, балалар мен жасөспірімдерге, үлкендерге қарағанда, басқа нормалар қажет.
- **нормалардың тұрақсыздығы, алмасушылығы.** Өсу мен даму процессінің бойында гигиеналық нормалар тұрақсыз, олар өзінің мағынасын тек белгілі жас кезеңінде сақтайды. Гигиеналық нормалар жасы өскен сайын өзгереді.
- **нормалардың дамытушы, жаттықтырушы бағытты.**
- Гигиеналық нормалардың өсіп келе жатқан организмнің жынысы мен денсаулық жағдайын есепке алып, бөлу (**гигиеналық нормалардың дифференциялау**).